 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ АСТАНА»</b>		
	ОӘБ қосымша және формалды емес білім беру Секциясы	Отырыс хаттамасы	Редакция: 1 2 беттің 1 беті

## **ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ҚОСЫМША ЖӘНЕ ФОРМАЛДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ СЕКЦИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ**

**Форматы: онлайн**

**№ 8**

**2026 жылғы 27 ақпан**

Zoom веб-конференциясы

<https://us06web.zoom.us/j/83175401077?pwd=yLDlhxTPt9ZQfMnILHU1Z8Iyk8mCvi.1>

Отырыстың басталуы 15.00


Секция төрағасы - А.Султангазиева

Секция хатшысы - Ж.Абдуллина

Қатысқандар: РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, ҚжәнеФЕББ Секция мүшелері: «С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, «Астана медицина университеті» КеАҚ, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ, «Семей медицина университеті» КеАҚ оның ішінде Павлодар филиалы, «Марат Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медицина университеті» КеАҚ, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мекемесі, Академик Б.У.Джарбусынов атындағы урология ғылыми орталығы» АҚ, «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК, «ҚДСМЖ» Қазақстан медициналық университеті» ЖШС оның ішінде Астана қаласындағы филиалы, ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК, «Салидат Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамыту ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК, ҚР ДСМ «ҚР фтизиопульмонология ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты АҚ, «Қазақстан-Ресей медицина Университеті» МЕМБМ, «Академик Н.Ж.Батпенев атындағы ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» ШЖҚ РМК, «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ, ҚР ДСМ «Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК.

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ</b> <b>НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ АСТАНА»</b>		
	ОӘБ қосымша және формалды емес білім беру Секциясы	Отырыс хаттамасы	Редакция: 1 2 беттің 2 беті

саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрықтың жобасын қарау туралы.

## 2. Әртүрлі

2.1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК-ның хаты.

2.2. 2026 жылғы 03 ақпандағы №7 ҚжәнеФЕББ бойынша Секцияның кеңейтілген отырысының № 2 сұрақтың «Аритмология» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру қажеттілігі туралы хаттамалық шешімі туралы.

## 1 Сұрақ.

***1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрықтың жобасын қарау туралы.***

### **ТЫҢДАЛДЫ:**


1) ҚжәнеФЕББ секциясының төрағасы А.А.Султангазиева Б.С. Имашеваға сөз берді (РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары).

2) РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары Имашева Б.С. секция мүшелерін бұйрықты қайта қарау қажеттілігі туралы хабардар етті ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020.

- Сөз сөйлеу барысында бұған дейін ZOOM платформасында ҒЖАРД басшысының орынбасары (Б.М.Мұхаметбек) қатысуымен жұмыс кеңесі өткізілгенін атап өтілді

- ОӘБ Секциямен бірлесе отырып, АЖ Каталогында орналастырылған біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларына (БА ББ) талдау жүргізілді. Бүкіл кезең бойынша жүйеде БА ББ 473 тіркелген.

- ҚР ДСМ ҒЖАРД басшысына (Ф.Н. Ержанова) АЖ Каталог жүйесіне БА бағдарламаларын орналастыруға байланысты проблемалық мәселелер туралы

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ</b> <b>НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ АСТАНА»</b>		
	ОӘБ қосымша және формалды емес білім беру Секциясы	Отырыс хаттамасы	Редакция: 1 2 беттің 3 беті

баяндалған үндеу жолданды. 2024-2025 жылдары №303 бұйрыққа қатысты салыстырмалы кесте түрінде ұсыныстар мен ұсынымдар да жолданды.

- Бір білім беру бағдарламасы бойынша сараптама құны 93 000 теңгені құрайтыны атап өтілді, бұл білім беру ұйымына қаржылық ауыртпалық түсіреді.

- Ұсынылған дәлелдерді қарау нәтижелері бойынша ҚР ДСМ ҒЖАРД басшылығы сәйкестіктер болған жағдайда бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігіне қолдау білдірді.

- Қ.А.Түгелбаевамен бірлесіп талқылауды қажет ететін ұсыныстардың салыстырмалы кестесі дайындалды.

Талқылауға ҚжәнеФЕББ бойынша секция мүшелері қатысты. Талқылау барысында өзгерістер, толықтырулар мен ұсынымдар ұсынылды.

3) Түгелбаева К.А. (ТҒӨО). Бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар, оның ішінде:

- АЖ Каталогында БА және СК бағдарламаларын орналастыруға қатысты 1-тараудың, 2-тармақтың, 4-тармақшаның тұжырымдамасын нақтылау;

- «Сараптамалық ұйым» ұғымының 1-тарауының, 2-тармағының, 9-тармақшасының кіріспесіне;

- 1-тарауда, 6-тармақта, 1-тармақшада іске асыру тәртібін нақтылау;

- 2-тарау, 6-тармақ, 1-тармақша, ережелерді реттеу механизмі нормасын толықтыру;

- 2-тарауының, 6-тармағының, 2-тармақшасының оқытуды өткізу және енгізу тәртібін анықтау.

- 1-қосымшада «Қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларының каталогы кестесі бар қосымшаны» алып тастау ұсынылады.

4) ҚжәнеФЕББ секциясының төрағасы А.А.Султангазиева бұйрыққа ұсыныстар бойынша салыстырмалы кестенің баламалы нұсқасы ұсынды, онда мыналар көзделген:

- «Денсаулық сақтау саласындағы басым бағыттар» ұғымын еңгізу;

- Сараптамалық ұйымның функциясын нақтылау;

- Дайындаудың басым шарттарын айқындау.


- СК және БА білім беру бағдарламаларын орналастыру тәртібін белгілеу;

- Білім беру бағдарламаларын енгізу және жариялау кезеңдерін анықтау;

- 2-тарау, 6-тармақ, 2-абзацты «сараптамалық ұйым» Каталогты жүргізу және өзектендіру туралы сараптамалық ұйымның Есептің нысанын\* қамтамасыз етеді ... деген тармақпен толықтыру;

- 2- тарау, 6-тармақ, 3-абзац, СК және БА ББ кезең-кезеңмен... енгізу және жариялауды қарастыру ұсынылады.

5) ҚДЖАҒО өкілдері мынадай ұсыныстар білдірді:

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ</b> <b>НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ АСТАНА»</b>		
	ОӘБ қосымша және формалды емес білім беру Секциясы	Отырыс хаттамасы	Редакция: 1 2 беттің 4 беті

- ҚББ үш санат бойынша ұсыну;
- ЖОО-ға, ҒЗИ-ға, ҰО-ға түсетін қаржылық жүктемені азайту;
- Білім беру бағдарламаларын әзірлеуді жеделдету;
- Каталогты тек стратегиялық маңызы бар бағдарламалар үшін пайдалану;

• БА жүйесінің икемділігін арттыру.

6) ҚМУ өкілдері мынадай ұсыныстар ұсынды:

• Стандарт, БА бағдарламаларына сараптамалық бағалау жүргізуді, біліктілікті өзгерту мәселелерін, сондай-ақ жоба өзгерістерінің 2-тарауында бірқатар қосымша толықтыруларды енгізу.

7) ОҚМА өкілдері келесі ұсыныстар ұсынды:

- Бұйрық нормаларын ережелермен толықтыру;
- Білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу мерзімдері туралы;
- Сарапшыларға қойылатын талаптар туралы;
- О кемінде екі сарапшының сараптама жүргізуі;
- Сараптама жүргізу тәртібі туралы;
- 2-тарауға білім беру бағдарламаларын сараптама жүргізу білім беру бағдарламасын бағалау рәсімі болып табылатынын нақтылауды қосу;
- Білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізуді қаржыландыру тәртібін нормативтік актілерде нақтылау (ҚР ДСМ-нің білім беру бағдарламалары Каталогын жүргізуді реттейтін № 694 бұйрығында бұл мәселе көрсетілмеген...)

Бұдан әрі енгізілетін толықтырулар мен ұсынымдардың мәні түсіндірілді.

8) ҰФҒО өкілдері мынадай ұсыныс білдірді:


• ФЕББ-ны аяқтаған мамандарға белгіленген үлгідегі сертификат беру мүмкіндігін қарастыру, сондай-ақ сертификат нысанын ҚжәнеФЕББ қағидаларына қосымша ретінде енгізу.

9) БҚМА өкілдері келесі мәселелерді нақтылауды ұсынды:

- Білім беру бағдарламалары Каталогының ақпараттық жүйесін анықтау;
- Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдерін;
- ФЕББ өткенін растайтын құжаттардың тізбесін;
- Сертификаттар беру тәртібін.

Талқылау қорытындысы бойынша ұсыныстардың салыстырмалы кестесін ҚжәнеФЕББ бойынша секциясының чатында орналастыру ұсынылды. Секция мүшелеріне ағымдағы жылдың 6 наурызға дейін салыстырмалы кестені қайта қарап шығып, кейінен 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-303 бұйрығына өзгерістер енгізу бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды РОӘК ОӘБ отырысында қарауға шығару

**ШЕШІМ:**

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ</b> <b>НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ АСТАНА»</b>		
	ОӘБ қосымша және формалды емес білім беру Секциясы	Отырыс хаттамасы	Редакция: 1 2 беттің 5 беті

1.1 Секция мүшелері 2026 жылдың 06 наурызға дейін ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303 бұйрығына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар мен ескертулерін ұсыну.

1.2 2020 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-303 *(Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы)* бұйрығына қатысты салыстырмалы кесте «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ РОӘК талқылауға және бекітуге шығару кейіннен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне Ғылым және адам ресурстары департаментіне жолдау (осы хаттаманың 1-қосымшасы).

## **Сұрақ 2. Әртүрлі.**

**2.1. ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК-ның хаты (бұдан әрі - ҰҒДСДО).**


### **ТЫҢДАЛДЫ:**

**РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары Б.С.Имашева** РОӘК ОӘБ-ның атына келіп түскен және ҚжәнеФЕББ Секцияның төрағасына жолданған хатты таныстырды.

Хатта формалды емес білім беруді ұйымдастыру мәселелер көтеріліп, келесі аспектілерді қарастыру ұсынылған:

- 1) Құжаттардың түпнұсқалылығын тексерудің цифрлық жүйесінің болмауы;
- 2) Білім беру бағдарламаларының құрылымына және берілетін құжаттарға қойылатын бірыңғай талаптардың болмауы;
- 3) Іске асырылатын білім беру бағдарламаларын көрсете отырып, провайдерлердің (ұйымдастырушылардың) орталықтандырылған цифрлық тізілімінің болмауы;
- 4) Оқу нәтижелері мен қалыптасқан құзыреттерді тану мен салыстырудың белгіленген рәсімінің болмауы.
- 5) Денсаулық сақтау саласындағы қосымша білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру және іске асыру жөніндегі ұсынымдар және жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды өзектендіру қажеттілігі (Әдістемелік нұсқаулар Денсаулық сақтауды даярлау бағыты бойынша ОӘБ мәжілісінде бекітілді, 2021 жылғы 26 мамырдағы №9 хаттама.).

Талқылауға ҚжәнеФЕББ бойынша секция мүшелері қатысты.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ</b> <b>НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ АСТАНА»</b>		
	ОӘБ қосымша және формалды емес білім беру Секциясы	Отырыс хаттамасы	Редакция: 1 2 беттің 6 беті

**ҰФО өкілдері** берілетін құжаттардың түпнұсқалығын қосымша тексеру қажеттілігі жоқ екенін атап өтті, себебі білім беру ұйымдары (ЖОО, ҒЗИ, ҒО):

- «ҰАТ» АҚ ақпараттық жүйесіне қосылған;
- Белгіленген үлгідегі құжаттарды электрондық форматта береді;
- Бекітілген ФЕББ бағдарламаларын алдын ала орналастырады;
- QR–кодты пайдалана отырып сертификаттар береді;
- ФЕББ бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге қатысады.

Сонымен қатар білім беру ұйымдары қосымша және формалды емес білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлеп, бекітетіні атап өтілді. Бұл ретте қосымша және формалды емес білім беру мәселелері Секция тарапынан 6-7 жыл бойы көтеріліп келе жатқанымен, осы уақытқа дейін бірінғай тәсіл қалыптастырылмаған.

**КЖИАҒЗИ өкілдері** ФЕББ бағдарламалары бойынша сертификаттар беру ұйымның ішкі бұйрықтары мен ҚР ДСМ нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес берілетінін хабарланды. Сертификаттарда QR-код бар, оны сканерлеген кезде белгіленген үлгідегі құжатты берген білім беру ұйымы туралы мәліметтер көрсетіледі, бұл құжаттардың түпнұсқалығын растауды қамтамасыз етеді.

**ОҚМА өкілдері** ФЕББ бағдарламалары бойынша сертификаттар беру ұйымның ішкі нормативтік құжаттары мен бұйрықтары негізінде жүзеге асырылатынын атап өтті. Сертификаттарда сондай-ақ бұйрық және құжатты берген білім беру ұйымы туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін QR-код барі.

Секция мүшелеріне ФЕББ іске асыру мәселелері бойынша, оның ішінде бағдарламаларды тіркеу, сертификаттарды беру және тіркеу тәртібі туралы ұсыныстарын алдын ала талқылап, ұсыну ұсынылды.


**ҰҒМО өкілдері** ФЕББ бағдарламаларды (мысалы, мастер-кластар) іске асыру кезінде:

- Іс-шара өткізу туралы бұйрық шығарылатынын.
- ФЕББ бағдарламалары бойынша берілген белгіленген үлгідегі құжаттарды тіркелуі жүзеге асырылатынын хабарлады.

**СМУ Павлодар филиалының өкілдері** келесі ұсыныстарды білдірді:

- ФЕББ бағдарламаларын (семинарлар, мастер-кластар және т.б.) және берілген сертификаттарды электрондық жүйеге енгізуді қарастыру;
- Көрсетілген мәселелерді талқылау үшін МФҚБК, ТЕҰО өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өткізуді ұйымдастыру.

**Секция төрайымы А.А.Султаггазиева** талқылау қорытындысын шығара отырып, мыналарды атап өтті:

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ</b> <b>НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ АСТАНА»</b>		
	ОӘБ қосымша және формалды емес білім беру Секциясы	Отырыс хаттамасы	Редакция: 1 2 беттің 7 беті

- Хат Секция мүшелерінің танысуы үшін Секция чатында орналастырылады;
- Формалды емес білім беруді аяқтағаны туралы құжаттарды верификациялау, білім беру бағдарламалары мен берілетін құжаттарға бірыңғай талаптар қалыптастыру, сондай-ақ оқыту нәтижелерін тану мәселелері денсаулық сақтау жүйесі үшін өзекті болып табылады;
- ҰҒДСДО денсаулық сақтау жүйесінде қосымша және формалды емес білім беру сапасын бақылау жөніндегі үйлестіруші болып табылатындығын ескере отырып, аталған мәселелерді «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ РОӘК алаңында мүдделі ұйымдардың қатысуымен бірлескен талқылау шеңберінде қарастыру орынды;
- «Денсаулық сақтау саласындағы қосымша білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру және іске асыру жөніндегі ұсынымдар» әдістемелік ұсынымдарын өзектендіру ҚР ДСМ-нің келесі бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады:
  - 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020
  - 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020
  - 21 желтоқсандағы 2020 жылдың № ҚР ДСМ-303/2020
 олар денсаулық сақтау жүйесіндегі қосымша және формальды емес білім беру мәселелерін реттейді.
- Формалды емес білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша ұсынымдарды 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына енгізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

**ШЕШІМ:**


- 2.1.1. Секция мүшелеріне 2026 жылғы 06 наурызға дейін хатқа жауап дайындау бойынша ұсыныстар мен ескертулерін ұсыну.
- 2.1.2. Хатқа жауап дайындалып, «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша ОӘБ РОӘК қарауына шығару, кейіннен ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК-на жолдау (осы хаттаманың 2-қосымшасы).

**Сұрақ 2. Әртүрлі.**

**2.2. 2026 жылғы 03 ақпандағы №7 ҚжәнеФЕББ бойынша Секцияның кеңейтілген отырысының №2 сұрақтың «Аритмология» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру қажеттілігі туралы хаттамалық шешімі.**

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Секция төрайымы А.А.Султангазиева** «Аритмология» СК бағдарламасын әзірлеушілер аталған бағдарламаны іске асыру мәселесі бойынша шешімді

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ</b> <b>НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ АСТАНА»</b>		
	ОӘБ қосымша және формалды емес білім беру Секциясы	Отырыс хаттамасы	Редакция: 1 2 беттің 8 беті

күтіп отырғанын еске салды. Осыған байланысты ол төрағаның орынбасарынан (А.С.Касенова) 2026 жылғы 03 ақпандағы № 7 ҚжФЕББ Секцияның кеңейтілген отырысының 2-сұрағы бойынша «Аритмология» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын (ББ) әзірлеу және іске асыру қажеттілігі туралы қабылданған хаттамалық, шешім жөнінде ақпарат беруді сұрады.

**Төрағаның орынбасары Касеновке А.С.** талқылау қорытындысы бойынша ҚжФЕББ бойынша Секция чатында келесі нәтижелермен дауыс беру өткізілгенін хабарлады:

- 1) «Аритмология» СК ББ әзірлеуге қабылдау – 1 дауыс.
- 2) «Аритмология» СК ББ әзірлеуден бас тарту – 7 дауыс.
- 3) Бағдарламаның тұжырымдамасын пысықтау шартымен «Аритмология» СК ББ әзірлеуге қабылдау – 23 дауыс.
- 4) «Аритмология» бағыты бойынша біліктілікті арттыру бағдарламасын (БА) әзірлеу туралы шешім қабылдау – 7 дауыс.
- 5) Өзге шешім (көрсету) – дауыстар жоқ.

Дауыс беру нәтижелері бойынша бағдарламаның тұжырымдамасын пысықтау шартымен «Аритмология» СК ББ бағдарламасын әзірлеуге қабылдау және оны кейіннен ҚжФЕББ Секциясының отырысында қарастырып, одан әрі ОӘБ РОӘК қарауына ұсыну туралы шешім қабылданды.

«Аритмология» СК ББ бағдарламасын талқылауға ҚР ДСМ ҒЖАРД, Хирургиялық бейіндегі бағдарламалардың ЖБТ комитеті, Терапиялық бейіндегі бағдарламалардың ЖБТ комитеті, «Кардиохирургия» комитеті, сондай-ақ ҚжФЕББ Секциясының мүшелері қатысты.

### **ШЕШІМ:**

2.2.1. 2026 жылғы 03 ақпандағы № 7 ҚжФЕББ Секциясының кеңейтілген отырысының хаттамасын ҚжФЕББ Секциясының чатында орналастыру.

2.2.2. 2026 жылдың 03 ақпанындағы № 7 ҚжФЕББ Секцияның кеңейтілген отырысының хаттамалық шешіміне сәйкес, бағдарламаның тұжырымдамасын пысықтау шартымен «Аритмология» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын әзірлеуге қабылдау.

2.2.3. «Аритмология» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын әзірлеушілер ҚжФЕББ Секцияның отырысында бағдарламаның техникалық бөлігін қарастыру үшін қажетті материалдары дайындау.

**Секция төрағасы**

**Хатшысы**



**Султангазиева А.А.**

**Абдуллина Ж.Х.**